

М.К. Ельшина<sup>1\*</sup>, Р.Б. Маженова<sup>1</sup>, А.Н. Санхаева<sup>1</sup>, Д.Т. Гылимов<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан*  
(\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: m.yelshina@mail.ru)

ORCID 0000-0003-3912-3959, ORCID 0000-0002-8426-661X, ORCID 0000-0002-4892-0012,  
ORCID 0009-0005-4749-1956

## Болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру: білім беруде жетістікке жетудің стратегиясы

Мақала болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мәселесін қарастырады. Авторлар заман дамуының қазіргі жағдайында әр адамның өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін ашады. Зерттеу мәселесі негізделген, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері айқындалған, қоғамның бүгінгі өзгермелі, серпінді дамып келе жатқан жағдайларына икемді, тәуелсіз болуға және тез бейімделуге мүмкіндік беретін өзін-өзі оқыту дағдыларының мәні ашылған. Мақалада болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша ғалымдардың ғылыми еңбектерін кешенді талдау, «өзін-өзі оқыту», «өзін-өзі оқыту дағдылары» ұғымдарын жан-жақты талдау ұсынылған. Өзін-өзі оқыту дағдыларын жұмсақ дағдылар санатына жатқызуға болады, олардың қалыптасуы мен дамуы студенттерге жоғары оқу орнында оқу процесін тиімді құруға, жеке оқу стилін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, өзін-өзі оқытудың негізгі белгілері мен құрылымдық компоненттері қарастырылған. Мақалада Д.Р. Гариссонның (D.R. Garisson) өзін-өзі оқыту моделі талданды және өзін-өзі оқыту жүйесінің үш өзара байланысты элементі сипатталды: өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, мотивация. Өзін-өзі оқыту процесін ынталандыруға және қолдауға әсер ететін мотивациялық факторлар (танымдық, кәсіби, шығармашылық жұмыс, өзін-өзі тану, өзін-өзі жүзеге асыру, ынталандыру мотивтері) талданды. Авторлар болашақ педагогтердің өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейін анықтау бойынша зерттеу жұмысының нәтижелерін келтірген. Осы мақсатта L.M. Guglielmino ұсынған «Өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласы» (SDLRS) атты Лайкерт шкаласын қолдана отырып жасалған диагностикалық құрал сипатталған.

*Кілт сөздер:* өзін-өзі оқыту, өзін-өзі оқыту дағдылары, VUCA әлемі, жұмсақ дағдылар, өзін-өзі оқыту моделі, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі оқытуға дайындық.

### *Kipicne*

Ғылымның, техниканың қарқынды дамуы, өндірістің өсуі, жаңа білімнің үздіксіз қалыптасуы және ақпаратқа үнемі қол жетімділіктің артуы жоғары білім беру жүйесі алдында өзін-өзі оқыту дағдылары дамыған болашақ мамандарды даярлауды қажет етеді. Басқаша айтқанда, бүгінде біздің елімізге үздіксіз өзін-өзі оқытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өз бетінше білім алуға қабілетті тұлғалар қажет, өйткені еліміздің экономикалық және технологиялық даму деңгейі оларға байланысты.

Әсіресе, қоғам дамуының қазіргі жағдайында әр адамда өзін-өзі оқыту дағдыларының қалыптасуы қажет етеді. Себебі, өзін-өзі оқыту дағдылары бүгінгі тұрақсыз шындықтың (VUCA әлемі) әртүрлі жағдайларына икемді, тәуелсіз болуға, тез бейімделуге мүмкіндік береді. Осы орайда, мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев 2023 жылдың 5 қазанында өткен Республикалық педагогтер съезінде барлық саланың цифрландыру жағдайында ел азаматтарының жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуінің маңыздылығын көрсетті. «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағидаға негізделе отыра, болашақ маманның бойында үздіксіз білім алуына қажетті дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін атап өтті [1]. Сондықтан да, жоғары білім беру жүйесінің алдында өз қызметі саласына толассыз ақпарат ағынын дербес енгізе алатын, білімін үнемі жетілдіріп отыратын, кез келген өзгерістерге шығармашылықпен қарай алатын, туындайтын мәселелерді оңай және сапалы шеше алатын, яғни, дамыған дағдылар негізінде өзін-өзі оқытуға қабілетті студенттерді дайындаудың маңызды міндеті туындайды.

Өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеу C.O. Houle, M. Knowles, J.A. Spencer, K.R. Jordan, M. Gibbons, L.M. Guglielmino, D. Huffaker, S. Calvert, У.А. Овезов, А.М. Матюшкин, Ә.М. Мұханбетжанова, Ж.М. Битибаева, Л.А. Лебедева және т.б. шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты.

Осылайша, өзін-өзі оқыту дағдылары қазіргі қоғамда болашақ педагогтерді даярлаудың маңызды элементі. Осы орайда, жоғары оқу орнында білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу үшін барлық жағдайлар жасалған. Алайда, бұл жағдайларға қарамастан, студенттердің өзіндік жұмысының үлкен көлемі мен олардың өзін-өзі оқыту дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуынан көрініс табатын қарама-қайшылық туындап отыр.

Осыған сүйене отырып, біздің зерттеуіміздің мақсаты болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мәселесін жан-жақты талдау және олардың өзін-өзі оқытуға дайындығын анықтау.

Зерттеу мақсатымызға сәйкес келесідей зерттеу міндеттерін анықтадық:

1. Болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің (авторлардың, ғалымдардың) психологиялық-педагогикалық әдебиеттерін талдау.

2. Өзін-өзі оқытудың әртүрлі мотивациялық факторларына талдау жасау.

3. Болашақ педагогтердің өз бетінше оқуға дайындық деңгейін анықтау.

Өзін-өзі оқыту классикалық ежелгі дәуірден бастау алған. Мысалы, өзін-өзі оқыту Сократ, Платон және Аристотель сияқты грек философтарының өмірінде маңызды рөл атқарды. Өзін-өзі оқытудың басқа тарихи мысалдары Александр Македонский, Цезарь, Эразм және Декарт болды. Отаршыл Америкадағы әлеуметтік жағдайлар және ресми білім беру мекемелерінің сәйкес келмеуі көптеген адамдардың өздігінен білім алуына әкелді.

Өзін-өзі оқытуды түсінудің алғашқы ғылыми әрекеттері шамамен 150 жыл бұрын Америка Құрама Штаттарында жасалған. Ғалымдар жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу әрекеттерін жан-жақты зерттеп, құжаттап көрсетті. Осы уақыттарда Ұлыбританияда S. Smiles жеке дамудың құндылығын мадақтайтын «Өзіне-өзі көмектесу» атты кітабын шығарды.

Алайда, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап өзін-өзі оқыту зерттеулердің негізгі саласына айналды. Оның іргетасы С.О. Houle бақылауларының арқасында қаланды. Ол 22 ересек оқушыдан сұхбат алып, оларды оқуға қатысу себептеріне қарай үш санатқа бөлді: (а) қандай да бір түпкі мақсатқа жету үшін негізінен қатысатын мақсатқа бағытталған білім алушылар; (б) әлеуметтік себептерге байланысты қатысатын іс-әрекетке бағытталған білім алушылар; (в) оқытуды мақсат ретінде қабылдайтын оқуға бағытталған білім алушылар. Дәл осы соңғы топ кейінгі зерттеулерде өзін-өзі оқытуға бағытталған дербес білім алушылар ретінде анықталды [2].

М. Knowles «Өзін-өзі оқыту» атты еңбегінде өзін-өзі оқытуды жан-жақты қарастырған: өзін-өзі оқыту адамның мүмкіндіктері өсіп, өзін-өзі реттеуді қажет етеді деп болжайды; оқушылардың тәжірибесі оқытудың бай көзі болып табылады; адамдар өмірдің күрделі міндеттерін орындау үшін қажет нәрсені үйренеді; ересек адам үшін табиғи түрде тапсырмаларды шешуге бағытталған немесе проблемаларды оқыту; өзін-өзі оқыту ішкі ынталандыруларға түрткі болады: қызығушылық, өзін-өзі бағалау қажеттілігі, жетістіктер, тапсырмаларды орындаудан қанағаттану [3].

Тағы бір маңызды зерттеу жұмысы L.M. Guglielmino есімді ғалымның ғылыми еңбегі болды. Ол өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласын (SDLRS/LPA) әзірледі, кейіннен бұл диагностикалық құралды көптеген зерттеушілер өзін-өзі оқытуға дайындықты өлшеу үшін немесе өзін-өзі оқыту дағдыларының қалыптасуы мен дамуының деңгейін анықтау үшін қолданды. Өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласы (Self-Directed Learning Readiness Scale (SDLRS) [4] деп аталатын бұл құрал сегіз факторға негізделген:

- оқу мүмкіндіктеріне ашықтық;
- өзін-өзі бағалау қабілеті;
- оқытудағы бастамашылық және тәуелсіздік;
- оқыту үшін жауапкершілікті саналы түрде қабылдау;
- оқуға деген сүйіспеншілік;
- шығармашылық;
- болашаққа бағдар;
- негізгі оқу дағдыларын қолдану және мәселелерді шешу мүмкіндігі;

Негізінде, өзін-өзі оқыту дағдылары — бұл студентке ақпаратты іздеу және талдауға көмектесетін қазіргі ақпараттық қоғамдағы маңызды дағдылар. Бұл дағдыларды жұмсақ дағдылар (*soft skills*) санатына жатқызуға болады, олардың қалыптасуы мен дамуы студенттерге жоғары оқу орнында оқу процесін тиімді құруға, жеке оқу стилін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, өзін-өзі оқыту дағдылары студенттерге білім алуда жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Ал, өзін-өзі

оқыту — жоспарлау, іске асыру және тіпті күш-жігерді бағалау үшін негізгі жауапкершілікті жеке адамның өзі алатын оқытудың бір түрі ретінде қарастырылады.

У.А. Овезовтың пікірінше, өзін-өзі оқыту — бұл адамның өз еркімен немесе өзінің әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін белгілі бір мотивтердің әсерінен жүзеге асыратын адам қызметінің бір түрі [5]. J.A. Spencer және K.R. Jordan өзін-өзі басқаратын оқытуды келесідей анықтайды: өзін-өзі басқаратын оқыту — бұл оқушыларды офлайн-режимінде оқытудың басталуы, содан кейін талаптарды анықтау, оқу мақсаттарын тұжырымдау, ресурстарды тарту, нәтижелерді іске асыру және бағалау [6]. Сонымен қатар, M. Gibbons пікірінше, өзін-өзі басқаратын оқыту дегеніміз — оқушы кез келген уақытта, кез келген жағдайда, кез келген стратегияны қолдана отырып, өзінің күш-жігерінің арқасында өзінің білімі мен дағдыларын дамытуға, сондай-ақ жеке өсуге қол жеткізуге ықпал ететін оқыту түрі [7].

Ғалымдар D. Huffaker және S. Calvert пікірінше, өзін-өзі оқыту жеке және бірегей оқу тәжірибесімен сипатталады, онда жеке мағына, процесті жоспарлау, объективті және қолданбалы мақсаттар қою және метакогнитивті аспектілерді білдіретін бақылау процестеріне ие [8]. M.A.S. Nodoushan ойынша өзін-өзі оқытуды белсенді оқыту, онда студент мақсатты болуы керек және жоспарлау, ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау дағдыларын көрсетуі керек [9].

Ә.М. Мұханбетжанова тұлғаны өздігінен ұйымдасқан, өздігінен білім ала алатын, өздігінен дами алатын жүйе ретінде қарастыруды ұсынады [10].

Көптеген ғылыми еңбектерді талдай келе, «өзін-өзі оқыту — бұл жеке маңызды білім мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту мақсатында дербес таңдалған құралдар арқылы өздігінен жүзеге асырылатын білім алушының жүйелі, мақсатты оқу-танымдық қызметі» деген тұжырымға келдік. Өзін-өзі оқыту студенттерге өздерінің жеке оқу үлгілері мен оқу қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттер өздерінің білімдерін түсіну үшін өздерінің оқу ресурстарын табады және өзін-өзі бағалайды. Өзін-өзі оқыту дағдылары студенттерге оқуға деген қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді және оқу процесінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

О.Л. Карпованың еңбегіне талдау жасау өз бетінше білім алудың бөлігі ретінде өзін-өзі оқытудың келесі белгілерін анықтауға мүмкіндік берді:

- 1) педагог тарапынан толық басшылық пен бақылаудың болмауы;
- 2) қажетті ақпаратты, танымдық мәселені шешу тәсілдерін және жалпы оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру құралдарын өз бетінше іздеуді жүзеге асыру;
- 3) интеллектуалдық және эмоционалдық сфераны қалыптастыру және дамыту;
- 4) ішкі себептерге байланысты танымдық қызметті жүзеге асыруға деген жоғары мотивация [11].

Кез келген қызметтің сәттілігі оған деген дайындыққа байланысты. Өзін-өзі оқытуға дайындық — бұл жеке тұлғаның жан-жақты, көп қырлы қасиеті, оның құрылымында мыналарды ажыратуға болады: 1) мақсат қою; 2) қызметке саналы қажеттіліктің болуы; 3) оның себептері; 4) бастапқы білім базасының болуы; 5) бірқатар дағдылардың қалыптасуы; 6) өзін-өзі тәрбиелеу құралдарына деген көзқарас; 7) оқытуды ұйымдастырудағы дербестік [12].

Канадалық ғалым D.R. Garrison өзін-өзі оқытудың немесе өзін-өзі басқаратын оқытудың (Self-Directed Learning) моделін жасаған. Өзінің моделінде [13] өзінің оқу жүйесінің бір-бірімен байланысты үш элементін суреттейді: өзін-өзі басқару (сыртқы тапсырмаларды бақылау), өзін-өзі бақылау (когнитивті процестерге жауапкершілік), мотивация (оқуды бастауға қызығушылық). Оқытудағы өзін-өзі басқару арқылы автор білім алушының сыртқы міндеттерге қатысты белсенділігін білдіреді: оқыту мақсаттарын қою, ресурстар мен қолдауды іздеу, материалды зерттеудің өзі үшін оңтайлы форматын анықтау. Бұл қызмет түрлері білім тасымалдаушымен немесе білім беру ресурстарының көзімен талқылануға жатады. Осыған байланысты автор өзін-өзі басқарудың білім алушылар қолданатын метакогнитивті оқыту стратегиялары бөлігінде өзін-өзі бақылаумен тығыз байланысты екенін баса көрсете отырып, өзін-өзі басқарудың осы саласының әлеуметтік және бірлескен сипатын атап көрсетеді. Соңғысы сыртқы оқу ортасымен өзара әрекеттесудің оңтайлы жолдарын іздеуді де, жиналған оқу материалымен жұмыс істеудің қолайлы стратегияларын таңдауды, яғни өзінің танымдық процестерін бақылауды қамтиды.

D.R. Garrison моделінен өзін-өзі бақылау білім алушының оқу арқылы оның ойлауында туындаған когнитивті және метакогнитивті процестер үшін жауапкершілікті өз мойнына алу қабілетін сипаттайды. Өзін-өзі бақылау процестерінің тиімділігі рефлексияның тереңдігіне, «ішкі және сыртқы кері байланыстың» сапасына байланысты.

Мотивация — бұл өзін-өзі оқыту моделінің тағы бір элементі. Оның мәні білім алушылардың өз оқуын бастауында және осы жолда өзін ұстауында көрінеді. Оқытуды бастау мотивациясын іске қосу үшін білім алушының құндылықтары мен қалауларына сәйкес келетін, қол жеткізуге болатын мақсат анықталуы керек [13]. Ынталандырушы мақсаттан басқа, оқу процесін бастауға нәтижеге қол жеткізуді қабылдау, мақсатқа жету білім алушының бақылауында екенін сезіну әсер етеді. D.R. Garrison идеяларына сәйкес мотивацияның тағы бір түрі — тапсырманы сақтауға ынталандыру. Мұндай мотивация ерік-жігермен байланысты және құлшыныспен көрінеді. Бұл білім алушының өзін-өзі басқару қабілетімен өте тығыз байланысты және оқудағы сәттіліктің басты алғышарттарының бірі болып саналады.

Әртүрлі мотивациялық факторларды түсіну өзін-өзі оқыту процесін ынталандыру және қолдау үшін тиімді стратегияларды құруға көмектеседі. Оқу іс-әрекетіне және өзін-өзі оқытуға әсер ететін мотивациялық факторларды зерттеумен И.П. Ильин [14], И.А. Зимняя [15], M. Zhu, C.J. Bonk, S. Berri [16] секілді ғалымдар айналысқан. Біз өзін-өзі оқытудың әртүрлі мотивациялық факторларын қарастырдық және талдадық:

1. Танымдық мотивтер білім мен түсінуге деген ішкі ұмтылыспен байланысты. Олар мыналарды қамтиды:

– Қызығушылық: жаңа тақырыптар мен білім салаларын зерттеуге деген ұмтылыс. Қызығушылығы жоғары адамдар жаңа ашылуларға және оларды қызықтыратын мәселелерді терең түсінуге ұмтылады.

– Интеллектуалды қанағаттану: жаңа білім алу процесіне қанағаттану және оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндігі. Бұл интеллектуалды қиындықтар мен күрделі мәселелерді шешудің ләззатына байланысты болуы мүмкін.

– Білімді тереңдету: оның құрылымы мен байланыстарын жақсы түсіну үшін белгілі бір саланы егжей-тегжейлі зерттеуге деген ұмтылыс. Бұл тақырыптың белгілі бір аспектілеріне қызығушылықпен байланысты болуы мүмкін.

2. Кәсіби мотивтер өзін өзі оқытудың мансаптық және кәсіби аспектілерімен байланысты:

– Біліктілік талаптары: қызмет талаптарын қанағаттандыруға, мансаптық өсу үшін біліктілікті арттыру курстарынан өтуге ұмтылу.

– Мансаптық өсу: жоғары лауазымдарға ие болу, еңбек жағдайларын жақсарту және жалақыны көтеру үшін кәсіби дағдылары мен білімін жақсартуға деген ұмтылыс.

– Бәсекеге қабілеттілік: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу қажеттілігі, бұл соңғы трендтер мен технологияларға сәйкес білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыруды талап етеді.

3. Шығармашылық жұмыстың мотивтері мыналарды қамтиды:

– Өзін-өзі көрсету: жазбаша жұмыстар, көркем жобалар немесе инновациялық шешімдер түрінде шығармашылық қызмет арқылы өз идеялары мен сезімдерін білдіруге деген ұмтылыс.

– Жаңалық жасау: жеке көзқарас пен шығармашылықты көрсететін түпнұсқа өнімдерді немесе шешімдерді жасауға деген ұмтылыс. Бұл жаңа тұжырымдамаларды немесе әдістерді әзірлеуге байланысты болуы мүмкін.

– Жаңа тәсілдерді іздеу: мәселелерді шешуде стандартты емес шешімдерді немесе өзіндік тәсілдерді табуға қызығушылық.

4. Өзін-өзі тану мотиві өзін жақсы түсінуге деген ішкі ұмтылысты білдіреді:

– Жеке даму: жеке өсу мен өзін-өзі жетілдіруге көмектесетін өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы көбірек білуге деген ұмтылыс.

– Өз қызығушылықтарын түсіну: қай сала ең көп ләззат пен рахат сезімін тудыратынын анықтау үшін қызығушылықтарды зерттеу.

– Өзін-өзі көрсету: өз әрекеттері мен шешімдерін талдау үшін өзін-өзі көрсету тәжірибесі, бұл өзін және өзінің мотивтерін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

5. Өзін-өзі жүзеге асыру мотиві өз әлеуетін жүзеге асыруға деген ұмтылыспен байланысты:

– Мақсаттарға жету: алға қойған мақсаттарға жетуге және өз армандары мен амбицияларын жүзеге асыруға ұмтылу. Бұл күрделі тапсырмаларды орындауға немесе жеке және кәсіби мақсаттарға жетуге байланысты болуы мүмкін.

– Табысқа қанағаттану: өз күштері мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыруға ықпал ететін мағыналы және қиын тапсырмаларды орындаудан қанағат алу.

– Басқаларға әсер ету: қоғамға немесе кәсіби салаға үлес қосуға деген ұмтылыс, ол басқаларға көмектесуді, оң әсер етуді немесе белгілі бір процестердің дамуына әсер етуді қамтуы мүмкін.

6. Ынталандыру мотивтері тану мен сыйақының сыртқы белгілерімен байланысты:

– Тану және мақұлдау: айналасындағы адамдардан (құрдастарынан, мұғалімдерден, әріптестерден, басшылардан) жетістіктері мен күш-жігері үшін тануды, мойындауды қалау. Бұл марапаттарды, мақтауларды немесе басқа тану түрлерін алуды қамтуы мүмкін.

– Материалдық сыйақылар: бонустар, жалақыны көтеру немесе басқа қаржылық ынталандыру сияқты материалдық ынталандыруға ұмтылу.

– Әлеуметтік сыйақылар: беделді жобаларға немесе әлеуметтік топтарға қатысуды қамтуы мүмкін қоршаған ортаның оң назары мен құрметіне ие болуға деген ұмтылыс.

Бұл мотивациялық факторлар біріктіріліп, өзара әрекеттесіп, өзін-өзі оқытудың кешенді тәсілін жасай алады. Мысалы, танымдық мотивтер кәсіби өсуге ықпал етуі мүмкін, өзін-өзі жүзеге асыру мотиві ынталандырумен күшейтілуі мүмкін, ал шығармашылық жұмыстың мотивтері жеке дамуға шабыттандыруы мүмкін. Білім алушылардың оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін қамтамасыз ету үшін өзін-өзі оқыту стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде осы факторларды ескеру маңызды.

Жалпы, өзін-өзі оқыту құрылымы төменде берілген негізгі компоненттерден тұрады:

1) мотивациялық компонент, өзін-өзі оқытуды жүзеге асыруға ынталандыру. Білім алушының жаңа білім алуға деген ішкі қажеттілігі, жүйелі таным арқылы білімді жетілдіру қажеттілігін түсіну;

2) танымдық компонент, яғни өзін-өзі оқытудың мазмұны. Оған пәндік білім де, жеке тұлға менгерген дағдылар да, ғылыми ұғымдар арасындағы ішкі және пәнаралық байланыстарды түсіну, сонымен қатар танымдық мәселелерді шешуде білімді қолдану мүмкіндігі кіреді;

3) ұйымдастырушылық компонент, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу, өз қызметін жоспарлау, уақыт пен күшін бөлу, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды және ақыл-ой еңбегінің нәтижелерін талдауды жүзеге асыру;

Осылайша, өзін-өзі оқыту студенттерде танымдық міндеттерді анықтауда, стандартты емес шешімдерді іздеуде, шығармашылыққа және өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауға негізделген жеке өзін-өзі жетілдіруі арқылы көрініс табады.

Өзін-өзі оқытудың негізгі артықшылықтарын қарастырып өтейік:

– Өзін-өзі оқыту өзін-өзі тәрбиелеу мен жауапкершілікті дамытуға көмектеседі. Білім алушылар оқу процесіне қатысты әртүрлі шешімдер үшін жауапкершілікті алады. Білім алушы өзінің жетістіктерін өзі бақылайды және мақсаттарын анықтайды.

– Оқу процесін бақылауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі оқыту студенттерге алған білімдерін өз қарқынымен ойлауға, түсіндіруге және қолдануға мүмкіндік береді, бұл көбінесе жүйеге бағытталған оқытуда мүмкін емес. Бұл сонымен қатар студенттерге бірнеше білім көздеріне жүгінуге еркіндік береді. Оқытудың осы түрімен студенттер өздерінің үлгерімін оңай бақылай алады және оқу процесін өз қалауына қарай реттей алады.

– Өзін-өзі оқыту сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Білім алушыларға ақпаратты өз бетінше бағалауға, зерттеу жүргізуге, алған білімдерін талдауға және синтездеуге мүмкіндік беріледі. Бұл олардың өз бетінше шешім қабылдау және күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытады.

– Өзін-өзі оқыту маңызды жұмсақ дағдыларды (*soft skills*) дамытады. Білім алушылар оқу мақсаттарына жету кезінде уақытты басқару, мақсат қою және ұйымдастыру сияқты маңызды дағдылар туралы біле алады. Жаңа тақырыптарды негізге алып, әртүрлі мәселелерді шеше отырып, проблемаларды шешу қабілеттерін арттыра алады.

– Өзін-өзі оқыту тақырыптар мен оқу әдістерін таңдауда көбірек еркіндік береді. Білім алушы өзіне ең қызықты материалдарды және оның жағдайында ең тиімді оқыту әдістерін таңдай алады.

– Студенттер өздігінен оқу арқылы мотивация мен қызығушылықтың жаңа көздерін дамыта алады. Кәсіби немесе жеке өмірінде өзін-өзі оқытудың артықшылықтарын көргеннен кейін, өз тәжірибелеріне сүйене отырып, тұрақты табыс жүйесін құруға қызығушылық танытуы мүмкін. Бұл студенттердің оқу іс-әрекетінде жауапкершілікті алуға, өз тәжірибелерін көрсетуге және білім алуда жетістіктерге қол жеткізуге ынталандыруы мүмкін.

– Білім алушылар оқу материалын өз қалауы мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқу уақыты мен орнын таңдай алады. Яғни, оқуды өзіне ыңғайлы уақытта оқу мүмкіндігіне ие болады. Алайда, еркіндік пен икемділікке қарамастан, жеке білім беру бағыты бойынша өзін-өзі оқыту тәртіп пен ұйымшылдықты қажет етеді. Білім алушылар өз уақыттарын өз бетінше жоспарлап, тапсырмалар мен бақылау жұмыстарының белгіленген мерзімдерін ұстануы керек. Оқытудың икемді кестесі оқу уақыты мен

орнын таңдауда икемді болуға мүмкіндік береді, бірақ оқушыдан оқу тапсырмаларын орындаудағы табысы мен тәртібі үшін жауапкершілікті талап етеді.

### Әдістер мен материалдар

Зерттеу мәселесі айналасындағы алыс және жақын шетел ғалымдарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау жасалып, зерделеу жұмыстары жүргізілді. Болашақ педагогтердің өздігінен оқуға деген дайындық деңгейлерін анықтау мақсатында L.M. Guglielmino әзірлеген «Өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласы/Оқытудағы қалауларын бағалау» (SDLRS/LPA) диагностикалық құрал қолданылды. SDLRS/LPA — бұл Лайкерт шкаласы типті элементтері бар сауалнама. Ол жеке тұлғаның өздігінен оқуын басқаруға дайындығының деңгейін құрайтын дағдылар мен сипаттамалар кешенін өлшеуге арналған.

Зерттеу құралы L.M. Guglielmino ұсынған өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласынан алынған 58 тармақтан тұратын сауалнамадан тұрды (SDLRS-A). Сауалнамада Лайкерт шкаласы элементтері қолданылды, атап айтқанда: 1) Бұл маған мүлдем қатысты емес. 2) Бұл маған жиі қатысты емес. 3) Бұл маған кейде қатысты. 4) Әдетте бұл маған қатысты. 5) Бұл маған үнемі қатысты.

### Нәтижелер және оларды талдау

Зерттеуге академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті педагогика факультетінің 74 студенті қатысты. Зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес «Зерттеу әдістері» бөлімінде сипатталған L.M. Guglielmino әзірлеген «Өзін-өзі оқытуға дайындық шкаласы/Оқытудағы қалауларын бағалау» (SDLRS/LPA) диагностикалық әдістемесін ұйымдастырдық және өткіздік.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің әрқайсысының өздігінен оқуға деген әр түрлі қатынасын көрсетті. Мәселен, бірінші зерттеу сұрағына сәйкес студенттердің 29,7 %-ы «өмір бойы оқуға деген мүмкіндікті» кейбір уақытта ғана қалайтыны анықталды. Ал олардың 18,9 %-ы мұндай мүмкіндікті мүлдем сезінбейтінін атап көрсетті (1-сурет).

#### 1. Мен өмірімнің соңына дейін оқуға деген мүмкіндікті күтемін




1-сурет. Сауалнаманың 1-ші сұрағының пайыздық көрсеткіші

Сауалнама студенттердің басым бөлігінің (40,5 %) оқу іс-әрекетінде педагогтің көмегі мен кеңесін қажет ететіндігін көрсетті. Респонденттердің 27 %-ы педагог тарапынан көмекті кейбір уақытта ғана, ал 8,1 %-ы әрқашан педагогтің көмегін күтеді (2-сурет). Яғни, бұл студенттердің өздігінен ақпарат көздерімен жұмыс істей алмау қабілетін, өзін-өзі оқытуды өз бетінше ұйымдастыра алмауын көрсетеді. Әдетте олар педагогтің көмегін қажет ететін құрылымдалған оқыту нұсқаларын қалайды.

7. Оқу жағдайында педагог әрқашан сыныптың барлық мүшелеріне не істеу керектігін дәл айтады деп күтемін.

2-сурет




2-сурет. Сауалнаманың 7-ші сұрағының пайыздық көрсеткіші

Сауалнаманың он сегізінші сұрағына сәйкес студенттердің көпшілігі өздерін қызықтырған нәрсені оқып-үйренуге уақыт табатынын байқауға болады. Студенттердің 32,4 %-ы бұл сұраққа «бұл маған үнемі қатысты», 29,7 %-ы «әдетте бұл маған қатысты», 18,9 %-ы «бұл маған кейде қатысты», ал 13,5 %-ы «бұл маған жиі қатысты емес» деп жауап берді. Тек зерттелушілердің 5,4 %-ы ғана «бұл маған мүлдем қатысты емес» деп, яғни, бір нәрсені оқып-үйренуге мүлдем уақыт жұмсамайтынын көрсетті (3-сурет).

18. Егер мен бір нәрсені үйренуге деген шешім қабылдасам, мен қаншалықты бос болмасам да, оған уақыт таба аламын

3-сурет



3-сурет. Сауалнаманың 18-ші сұрағының пайыздық көрсеткіші

Зерттеу нәтижелерін талдау үшін біз L.M. Guglielmino ұсынған критерийлерге сүйендік (1-кесте).

**Өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейлерінің сипаттамасы**

Өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейі	Сипаттамасы
Төмен деңгей	Бұл деңгейлер ақпарат көздерімен жұмыс істей алмау қабілетімен, өзін-өзі оқытуды өз бетінше ұйымдастыра алмауымен сипатталады. Осы деңгейдегі тұлғалар әдетте өте құрылымдалған оқыту нұсқаларын қалайды (мысалы, дәстүрлі аудиториялық ортадағы дәрістер)
Орташадан төмен деңгей	
Орташа деңгей	Өзін-өзі оқытуға дайындықтың орташа деңгейінде жеке маңызды пәндік білімді қалыптастыруға, мәселені шешуге ұмтылуға, бәсекеге қабілетті болуға деген ұмтылысқа байланысты мотивтер басым бола бастайды. Білім алушылар оларға қол жеткізудің мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше қоюға бейім, бірақ процесті толығымен дербес ұйымдастыра алмайды және/немесе өзін-өзі оқытудың тиімді құралдарын таңдай алмайды. Мұндай оқушылар негізінен негізгі ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, бірақ оларды әрқашан ұтымды пайдалана бермейді
Орташадан жоғары деңгей	Өзін-өзі оқытуға дайындықтың орташадан жоғары немесе жоғары деңгейлерінде танымдық қажеттілікке деген мотив орын алады. Таным қызметі сонымен бірге шығармашылық сипатымен ерекшеленеді және өзін-өзі оқыту мақсаттарын тұжырымдау қабілетімен, оларға ұтымды түрде қол жеткізуге деген ұмтылысымен сипатталады. Өзін-өзі оқыту субъектісі өз қызметінде әртүрлі ақпараттық дереккөздерді негізді қолдана алады, жоспарлау кезеңінен жоспарды іске асыруға дейін өзін-өзі оқыту процесін басқара алады, қызмет нәтижесі мен процесін талдай алады, алынған нәтижелерге өздігінен бақылау жасайды және бағалайды. Бірақ, бұл деңгейдегі тұлғалар ешқашан құрылымдық оқу жағдайын таңдамайды дегенді білдірмейді. Олар оқу жоспарының бөлігі ретінде дәстүрлі курстарды немесе семинарларды таңдай алады
Жоғары деңгей	

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, студенттердің жалпы өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейі мен жыныстық айырмашылықтарына байланысты өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейлері анықталды. Зерттеу нәтижелерінің сипаттамалық статистикасын төмендегі кестеден көруге болады (2-кесте).

**Студенттердің өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейі**

Өзін-өзі оқытуға дайындық деңгейі	Барлығы	%
Төмен	4	5,4
Орташадан төмен	10	13,5
Орташа	44	59,4
Орташадан жоғары	14	19
Жоғары	2	2,7
Барлығы	74	100

Зерттеу нәтижесі бойынша жалпы студенттердің 5,4 %-ында өзін-өзі оқытуға дайындықтың төмен және 13,5 %-ында орташадан төмен деңгейі анықталды. Бұл деңгейлердегі студенттерде ақпарат көздерімен жұмыс істей алмау, өзін-өзі оқытуды өздігінен ұйымдастыра алмау мәселесі байқалады. Оқыту процесінде педагогтің көмегін қажет етеді және құрылымдалған оқыту нұсқаларын қалайды. Яғни, студенттерде өзін-өзі оқыту дағдыларының қалыптаспағандығы анықталды.

Өздігінен оқуға дайындықтың орташа деңгейін 59,4 % студент көрсетті. Олар оқытудың мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше қоюға бейім, бірақ процесті толығымен дербес ұйымдастыра алмайды және/немесе өзін-өзі оқытудың тиімді құралдарын таңдай алмайды. Дегенмен, негізгі ақпарат көздерімен жұмыс істей алады, бірақ оларды әрқашан ұтымды пайдалана бермейді.

Ал студенттердің 19 %-ында бұл көрсеткіш орташадан жоғары және тек 2,7 %-ында (2 студент) ғана жоғары екені байқалды. Осы деңгейлердегі студенттер өз қызметінде әртүрлі ақпараттық дереккөздерді негізді қолдана алады, жоспарлау кезеңінен жоспарды іске асыруға дейін өзін-өзі оқыту процесін басқара алады, қызмет нәтижесі мен процесін талдай алады, алынған нәтижелерге өздігінен бақылау жасайды және бағалайды.

Алынған нәтижелерді талдай келе, студенттерге өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру және өздігінен оқуға дайындығын арттыруға байланысты бірқатар ұсыныстар әзірленді:

– Нақты мақсаттарды қою. Кәсіби және жеке міндеттерге сәйкес мақсаттар қою тиімді оқу әдеттерін қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады. Нақты және қол жеткізуге болатын мақсаттар қою арқылы жеке күнделікті тұрмыстық міндеттерге кедергі келтірмей оқуда қалаған жетістіктерге қол жеткізуге болады.

– Оқу кестесін құру. Өзін-өзі оқытудың тиімді тәсілі әдетте жұмыс кестесін, оқу тапсырмаларын және жеке міндеттерді бағалауды қамтиды, осылайша өздігінен оқуды тиімді түрде ұйымдастыруға болады. Құрылған оқу кестесі, сонымен қатар, әрқашан оқуға уақыт болуын қамтамасыз етеді және әдетті қалыптастыру үшін пайдалы болуы мүмкін болжамды үлгіні жасауға көмектеседі. Тағы бір жақсы идея — тыныш оқу орнын табу және оны күн сайын бір уақытта пайдалану.

– Ақпаратты сол күні қарау және нақтылау. Келесі тақырыпқа өтпес бұрын оқып-білген материалды қайта қарау өте маңызды. Тиімді қайта қарау стратегиясы жазбаларды оқуды, жаңа дағдыларды қолдануды, тарауды қайта оқуды немесе қысқа бағалауды қамтуы мүмкін. Бұл қосымша қадам өзін-өзі оқыту дағдыларын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқып жатқан нәрсені үнемі қайталау алынған білімді ұзақ мерзімді сақтауға көмектеседі.

– Әр түрлі оқу құралдары мен форматтарымен тәжірибе жасау. Ең қолайлы оқу құралы мен оқу форматын анықтау үшін әртүрлі оқу құралдары мен форматтарды қолданып көру керек. Әр адамның өзіндік оқу стилі болғандықтан, нақты өзіне сәйкес келетінін табу маңызды. Мысалы, кітаптарды немесе мақалаларды оқу, бейнероликтерді көру, онлайн дәріс кезінде конспект жазу, инфографиканы дайындау немесе подкасттарды тыңдау арқылы тәжірибе жасап көруге болады.

– Алынған білімді қолдану. Алынған білімнің практикалық тұрғыда қолданылуын анықтау өзін-өзі оқытуды жақсартуға көмектеседі. Мысалы, шетел тілін үйрену кезінде сол тілде сөйлейтін адаммен қарым-қатынас жасау арқылы еркін сөйлеуді жақсартуға тырысу керек. Осылайша, бұл өздігінен оқуға деген сенімділікті арттыруға және белгілі бір салада білім деңгейіңізді арттыруға көмектеседі.

### Қорытынды

Осы зерттеудің нәтижелерінен болашақ педагогтердің өзін-өзі оқытуын жақсарту үшін педагогикалық стратегиялар мен тәсілдерді өзгерту керек деген қорытынды жасауға болады. Әртүрлі жыныстағы және әртүрлі мүмкіндіктері бар студенттер өзін-өзі оқыту дағдыларының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады. Өзін-өзі оқыту дағдыларының қалыптасуы оқу қажеттіліктерін білуді, оқытудың қандай әдістері мен стратегияларын қолдану керектігін таңдау қабілетін және оқу әрекетінің нәтижелерін бағалау кезінде өзін-өзі бағалау қабілетін қамтиды. Зерттеушілер С. Lai, X. Li және Q. Wang атап өткендей, педагогтердің өмір бойы кәсіби дамуы үшін қажет негізгі дағдылардың бірі — өзін-өзі оқыту [17]. Алдағы уақытта, зерттеу жұмысымыздың аясында болашақ педагогтердің өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмыстар атқарылады. Себебі, өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру бойынша жақсы жоспарланған және тиімді ұйымдастырылған жұмыс студенттердің қабілеттерін ашады, олардың шығармашылық әлеуетін іске асырады, өздерінің танымдық белсенділігінің деңгейін, демек, оқу үлгерімінің жалпы деңгейін арттырады.

Қорытындылай келе, қазіргі заманда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ оны қолдана алатын кәсіби маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру процесі жатады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Мемлекет басшысы Республикалық педагогтер съезіне қатысты [Электронды ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-respublikalyk-pedagogter-sezine-katysty-595143> (жүгінген күні: 05.10.2023).
- 2 Houle C.O. The inquiring mind / C.O. Houle. — Madison: University of Wisconsin Press. — 1961. — P. 1-2.
- 3 Knowles M.S. Self-directed learning: A guide for learners and teacher / M.S. Knowles. — New York: Associated Press, 1975. — P. 1–10.
- 4 Guglielmino L.M. Development of the Self-directed Learning Readiness Scale / L.M. Guglielmino. — Doctoral Dissertation. — The University of Georgia. Athens, 1977. — 121 p.

- 5 Овезова У.А. Формирование навыков самообразовательной деятельности студентов в условиях дистанционного образования / У.А. Овезова, М.-Н.Л. Вагнер // Мир науки, культуры, образования. — 2021. — № 2 (87). — С. 160–162.
- 6 Spencer J.A. Learner centred approaches in medical education / J.A. Spencer, K.R. Jordan // British Medical Journal. — 1991. — Vol. 318 (7193). — P. 1280–1283.
- 7 Gibbons M. The self-directed learning handbook: Challenging adolescent students to excel / M. Gibbons. — Jossey-Bass. — 2002. — 208 p.
- 8 Huffaker D. The New Science of Learning: Active Learning, Metacognition, and Transfer of Knowledge in E-Learning Applications / D. Huffaker, S. Calvert // Journal of Educational Computing Research. — 2003. — Vol. 29. — P. 325–334. DOI: <https://doi.org/10.2190/4T89-30W2-DHTM-RTQ2>
- 9 Nodoushan M.A.S. Self-Regulated Learning (SRL): Emergence of the RSRLM Model / M.A.S. Nodoushan // International Journal of Language Studies. — 2012. — Vol. 6. — P. 1–16.
- 10 Мұханбетжанова Ә.М. Педагогикалық жүйетану негіздері. — Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» баспасы. — 2015. — 320 б.
- 11 Карпова О.Л. Педагогическая концепция содействия развитию самообразовательной деятельности студентов вуза: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / О.Л. Карпова. — Челябинск, 2009. — 43 с.
- 12 Матюшкин А.М. Психологические принципы готовности к самообразованию / А.М. Матюшкин // Психолого-педагогические проблемы непрерывного образования: материалы симпоз. — М.: НИИ СИМО АНН СССР, 1980. — 47 с.
- 13 Garrison D.R. Self-Directed Learning: Toward a Comprehensive Model / D.R. Garrison // Adult Education Quarterly. — 1997. — Vol. 1 (48). — P. 18–33.
- 14 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы / Е.П. Ильин. — СПб.: Питер, 2000. — 512 с.
- 15 Зимняя И.А. Педагогическая психология / И.А. Зимняя. — М.: Изд. корпор. «Логос», 2000. — 384 с.
- 16 Zhu M. Fostering self-directed learning in MOOCs: Motivation, learning strategies, and instruction / M. Zhu, C.J. Bonk, S. Berri // Online Learning. — 2022. — Vol. 26. — No. 1. — P. 153–173. DOI: <https://doi.org/10.24059/olj.v26i1.2629>
- 17 Lai C. Students' Perceptions of Teacher Impact on Their Self-Directed Language Learning with Technology beyond the Classroom: Cases of Hong Kong and U.S. / C. Lai, X. Li, Q. Wang // Educational Technology Research & Development. — 2017. — Vol. 65. — P. 1105–1133. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11423-017-9523-4>

М.К. Ельшина, Р.Б. Маженова, А.Н. Санхаева, Д.Т. Гылимов

### **Формирование навыков самообучения будущих педагогов: стратегия достижения успеха в образовании**

В статье рассмотрена проблема формирования навыков самообучения будущих педагогов. Авторами раскрыта необходимость формирования навыков самообучения у каждого человека в современных условиях. Обоснована проблема исследования, определены цели и задачи исследования, раскрыта суть навыков самообучения, которые позволяют нам быть гибкими, независимыми, быстро адаптироваться к сегодняшним меняющимся, динамично развивающимся условиям общества. Авторами представлен комплексный анализ проблемы формирования навыков самообучения у будущих педагогов, анализ научных трудов ученых, всесторонний анализ понятий «самостоятельное обучение» и «навыки самообучения». Навыки самообучения можно отнести к категории мягких навыков, формирование и развитие которых способствует эффективному построению обучающимися учебного процесса в вузе, формированию индивидуального стиля обучения. Кроме того, рассмотрены основные признаки и структурные компоненты самообучения. Проанализирована модель самообучения Д.Р. Гаррисона и описаны три взаимосвязанных элемента системы самообучения: самоуправление, самоконтроль, мотивация. Изучены мотивационные факторы (мотивы познавательные, профессиональные, творческой работы, самопознания, самореализации, поощрения), влияющие на стимулирование и поддержание процесса самообучения. Авторами были рассмотрены и обоснованы основные преимущества самообучения, а также представлены результаты исследовательской работы по определению уровня готовности будущих педагогов к самообучению. С этой целью ими описан применяемый диагностический инструментарий «Шкала готовности к самообучению», разработанный L.M. Guglielmino с использованием шкалы Лайкерта.

*Ключевые слова:* самостоятельное обучение, навыки самообучения, VUCA мир, мягкие навыки, модель самообучения, саморегуляция, самооценка, готовность к самообучению.

M.K. Yelshina, R.B. Mazhenova, A.N. Sankhayeva, D.T. Gylimov

## Formation of self-learning skills of future teachers: a strategy for achieving success in education

In the article the problem of forming self-learning skills of future teachers was discussed. The need for the formation of self-learning skills for each person in modern conditions was revealed by the authors. The problem of research was substantiated, the goals and objectives were defined, the essence of self-learning skills that allow to be flexible, quickly adapt to today's dynamically developing conditions of society was revealed. A comprehensive analysis of the problem of formation of self-learning skills among future teachers, an analysis of works of scientists, a comprehensive analysis of the concepts of "self-learning", "self-learning skills" was presented by the authors. Self-learning skills can be classified as soft skills, the formation of which contributes to effective construction of the learning process by students and formation of an individual learning style. The main features and structural components of self-learning were considered. The model of D.R. Garrison was analysed and three interrelated elements of self-learning system were described: self-management, self-control, motivation. The motivational factors of self-learning process were analyzed. The authors have considered the main advantages of self-learning. In the article the results of research work to determine the level of readiness of future teachers for self-learning were presented. The authors describe the applied diagnostic tools "Self-directed learning Readiness Scale" (SDLRS), developed by L.M. Guglielmino.

**Keywords:** self-learning, self-learning skills, VUCA world, soft skills, self-learning model, self-regulation, self-assessment, self-learning readiness.

### References

- 1 Toqaeв, Q.K. (2023) Respublikalyq pedagogter syezi [Republican Pedagogical Congress]. Retrieved from <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-respublikalyk-pedagogter-sezine-katysty-595143> [in Kazakh].
- 2 Houle, C.O. (1961). *The inquiring mind*. Madison: University of Wisconsin Press.
- 3 Knowles, M.S. (1975). *Self-directed learning: A guide for learners and teacher*. New York: Associated Press.
- 4 Guglielmino, L.M. (1977). Development of the Self-directed Learning Readiness Scale. *Doctoral Dissertation*. The University of Georgia.
- 5 Ovezova, U.A., & Vagner, M. -N.L. (2021). Formirovanie navykov samoobrazovatelnoi deatelnosti studentov v usloviiakh distantsionnogo obrazovaniia [Formation of skills of self-educational activity of students in the conditions of distance education]. *Mir nauki, kultura, obrazovaniia — The World of Science, Culture and Education* [in Russian].
- 6 Spencer, J.A., & Jordan, K.R. (1991). Learner centred approaches in medical education. *British Medical Journal*, 318(7193), 1280–1283.
- 7 Gibbons, M. (2002). *The self-directed learning handbook: Challenging adolescent students to excel*. Jossey-Bass.
- 8 Huffaker, D., Calvert, S. (2003). The New Science of Learning: Active Learning, Metacognition, and Transfer of Knowledge in E-Learning Applications. *Journal of Educational Computing Research*, 29, 325–334. DOI: <https://doi.org/10.2190/4T89-30W2-DHTM-RTQ2>
- 9 Nodoushan, M.A.S. (2012). Self-Regulated Learning (SRL): Emergence of the RSRLM Model. *International Journal of Language Studies*, 6, 1–16.
- 10 Mukhanbetzhanova, A.M. (2015). Pedagogikalyq zhuyetanu negizderi [Fundamentals of pedagogical systemology]. Almaty: «Dauir» baspasy [in Kazakh].
- 11 Karpova, O.L. (2009). Pedagogicheskaiia kontseptsiia sodeistviia razvitiu samoobrazovatelnoi deiatelnosti studentov vuza [The pedagogical concept of promoting the development of self-educational activities of university students]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Chelyabinsk [in Russian].
- 12 Matyushkin, A.M. (1980). Psikhologicheskie printsipy gotovnosti k samoobrazovaniu [Psychological principles of readiness for self-education]. *Psikhologo-pedagogicheskie problemy nepreryvnogo obrazovaniia: materialy simpoziuma — Psychological and pedagogical problems of continuing education: materials of the symposium*. Moscow [in Russian].
- 13 Garrison, D.R. (1997). Self-Directed Learning: Toward a Comprehensive Model. *Adult Education Quarterly*, 1(48), 18–33.
- 14 Ilin, E.P. (2000). Motivatsiia i motivy [Motivation and motives]. Saint-Petersburg: Piter [in Russian].
- 15 Zimnyaya, I.A. (2000). Pedagogicheskaiia psikhologiia [Pedagogical psychology]. Moscow: Izdatelskaia korporatsiia «Logos» [in Russian].
- 16 Zhu, M., Bonk, C.J., & Berri, S. (2022). Fostering self-directed learning in MOOCs: Motivation, learning strategies, and instruction. *Online Learning*, 26(1), 153–173. DOI: <https://doi.org/10.24059/olj.v26i1.2629>
- 17 Lai, C., Li, X., & Wang, Q. (2017). Students' Perceptions of Teacher Impact on Their Self-Directed Language Learning with Technology beyond the Classroom: Cases of Hong Kong and U.S. *Educational Technology Research & Development*, 65, 1105–1133. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11423-017-9523-4>

Авторлар туралы мәлімет

**Yelshina M.K.** — Corresponding author, master of pedagogical sciences, PhD candidate, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: m.yelshina@mail.ru, ORCID 0000-0003-3912-3959

**Mazhenova R.B.** — Candidate of pedagogical sciences, Associate professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

**Sankhayeva A.N.** — PhD, Associate professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

**Gylimov D.T.** — Master of arts, teacher, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Buketov University